

## Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 891 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 4967 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Әлібаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "30" наурыздағы  
№ 891 қаулысына қосымша

## Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары

### 1. Жалпы ережелер

1. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

### 2. Сыныптау тәртібі мен шарттары

2. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін сыныптау жолдардың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен жүзеге

асырылады.

3. Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін облыстың жергілікті атқарушы органы автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша бекітеді.

Аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін аудандардың жергілікті атқарушы органдары облыстың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша бекітеді.

Келісуге жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылданғанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Мемлекеттік уәкілетті орган және облыстың жергілікті атқарушы органы ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды. Автомобиль жолын кейіннен облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органына жазбаша келісім жіберіледі.

Автомобиль жолын облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган және облыстың жергілікті атқарушы органы барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

### **3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері**

4. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

5. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі "К"-мен белгіленеді.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне

тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді: бұл жағдайда Қызылорда облысы "N" әрпімен белгіленеді.

### **"KN" әрпінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі**

p/c N	Аудан атауы	Индекстегі әріптер атауы
1	Арал	A
2	Қазалы	B
3	Қармақшы	C
4	Жалағаш	D
5	Сырдария	E
6	Шиелі	G
7	Жанақорған	H

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбелік тәртіппен меншіктеледі.